Мырыш-фосфатты цементтің қажетті қасиеттерін алу үшін күйдіру процессінде пайда болатын фазалық өзгерістердің маңыздылығы цемент құрамын синтездеудің өзекті екендігін көрсетеді. Синтезделген цементтің химиялық құрамы мен қасиеттеріне қойылатын талаптарға байланысты анықталады (Viani және т.б., 2017). Қазіргі таңда әлемдік зерттеушілер мырыш-фосфатты цементтің құрамын синтездеу, жаңа формулаларды анықтау бойынша зерттеулер жүргізілуде. Остиндегі Техас университетінің профессоры Джон В. МакДевит және оның зерттеу тобы, мырыш-фосфатты цементтің жаңа қоспалары мен олардың физика-механикалық қасиеттерін жақсартуға бағытталған технологияларды пайдалана отырып, цементтердің жаңа синтезделген құрамдарын жасап шығарған. Солтүстік Дакота университетінің профессоры Анил К. стоматология мен ортопедияда қолдану үшін мырыш-фосфатты материалдар негізінде биоүйлесімді цементтерге зерттеулер жүргізіп жатыр (Carlos және т.б., 2022). Мырыш-фосфатты цементтің гидратациялану процессі оны сұйықтықпен араластырғанда, ылғалданғаннан бастап жүреді. Бұл процесс кезінде мырыш оксидінің (ZnO) бөлшектері мен шыны түзетін фосфат иондары (PO_4^{2-}) сумен әрекеттесуі нәтижесінде цемент матрицасы пайда болады. Матрица мырыш оксиді мен судың фосфат иондары арасындағы реакция нәтижесінде түзілетін кальций фосфат гелінен тұрады (Jabri және т.б., 2012). Матрица стоматологиялық қолданбаларда тіс беттеріне немесе басқа материалдарға күшті адгезияны қамтамасыз етеді. Ол өңделген беттерді нығайтуда және қорғауда, құрылымдар мен қалпына келтірулердің ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады (Leung және т.б., 2022).

Бұл зерттеу жұмыстың мақсаты – мырыш-фосфатты цемент құрамына фосфор шлагын ендіру арқылы синтездеу, қышқылмен реакцияға түсу кезінде гидратациялану процессін зерттеу, қатаю уақытын анықтау болып табылады.

Зерттеу жұмыстың жаңалығы – алғаш рет стоматологиялық цемент құрамына өндіріс қалдығы – фосфор шлакты ендіру мүмкіндігін зерттеу. Фосфор шлактың мырыш-фосфатты цемент сапасы мен гидратациясына әсерін анықтау болып табылады.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мырыш фосфатты цемент ұнтағының құрамына енетін материалдар — ZnO , MgO , SiO_2 , Bi_2O_3 және фосфор шлагы. Цемент құрамдары $1000^\circ C$ температурада 4 сағат күйдіріледі. Ендірілген компоненттер цементтің физика-химиялық қасиеттерін реттеу үшін пайдаланылады. ZnO – тістің қуыс қабырғаларына материалдың жақсы жабысуын (адгезиясын) қамтамасыз етеді, MgO – пластикалық қасиетін арттырады, механикалық беріктігін жоғарлатады, SiO_2 – мөлдірлік, шыны тәрізді, жылтырлық береді, шихтаның агломерациясын жақсартады. Bi_2O_3 – цементке тегістік (біртектілік) беру үшін қосылады, алайда көп мөлшерде қолданылса ол материалдың қатаю уақытын арттырады. Фосфор шлагы цементтің физикалық-механикалық қасиеттерін жақсартады, шихтаны күйдіру температурасын $100^\circ C$ -қа дейін төмендетеді.

Цемент тұзуші фосфатты сұйықтық (H_3PO_4) – ортофосфор қышқылының сұйықтығын ионсыздандырылған сумен сұйылту арқылы 85 % ортофосфор қышқылынан және құрамына алюминий және мырыш иондарын ендіру арқылы дайындалады (Светлов, 2017).

Шикізат материалдарды ұнтақтау шарлы диірменде жүргізіледі. Шарлы диірменге 3 кг шарлар мен 2 кг цельпебс толтырылды. Ұнтақтау уақытының ұзақтығы 60 мин созылады. Ұнтақталған материалдар №008 електегі қалдығы, ПСХ-12 құралында үлестік беті және бөлшектердің орташа өлшемдері анықталады (Zhanikulov және т.б., 2023).

Электронды микроскоп JEOL JSM-6490 LV көмегімен құрылымына талдау жүргізілді. Электронды микроскопиялық талдау үлгінің бетін электронды зондпен сканерлеу және процесс нәтижесінде пайда болатын сәулеленудің кең спектрін анықтау арқылы жүзеге асырылады. Электрондық микроскоппен бейнелеу үшін сигналдар қайталама, шағылысқан және жұтылған электрондар болып табылады. Басқа әсерлер, әсіресе рентген сәулелері зерттелетін үлгі материалының химиялық құрамы туралы қосымша ақпарат алу үшін қолданылады (Мырзакожа және т.б., 2013).

Цементтің ақтығы «Ұнның ақтығын сынаушы РЗ-ТБМС-М» құрылғысының көмегімен анықталды. Ұнтақталған сұрыпты ақтығы бойынша бағалау әдісінің мәні ұнтақтың тығыздалған-тегістелген бетінің спектрінің жасыл бөлігінде (540 ± 50 нм аймағында) диффузиялық шағылысу коэффициенттерін (ДШК) өлшеу болып табылады.

Мырыш-фосфатты цементтің қатаю уақытын анықтау үшін ОГЦ-1 құрылғысы қолданылады. Металл қалып алюминий фольгаға салынып, аралас мырыш-фосфатты цементі бар қалыппен толтырылады және араластыру аяқталғаннан кейін 60 с кейін алюминий фольгамен бірге цемент толтырылған қалып (37 ± 1)° температурада пешке орналастырылады. Олар бір-біріне жақсы сәйкес келуі керек. Араластырудан кейін 90 с кейін ОГЦ-1 инесін цемент бетіне тігінен түсіріп, оны осы күйде 5 с қалдырыңыз. Әр 30 секунд сайын инені батыруды қайталаңыз. Араластырудың басынан бастап иненің қалыңдығы 4–5 мм цемент үлгісіне үлгінің түбінен 0,1 см-ден аспайтын тереңдікке түсе алмайтын сәтінге дейінгі уақыт белгіленеді. Қатайту жұмыс уақыты араластыру басталғаннан ине тереңдігі өзгергенге дейінгі уақыт ретінде жазылады (Сударев, 2021).

Нәтижелер және талқылаулар

Шикізаттарды ұнтақтау фарфорлы шарлы диірменде 60 мин уақыт бойы жүрді. Материалдардың ұнтақталу дәрежесінің нәтижелері 1 кестеде келтірілген.

1 - кесте. Шикізат материалдар мен техногенді қалдықтың ұнтақталу дәрежесі

№	Материалдар	Ұнтақтау уақыты, мин	№ 008 електегі қалдық, %	Үлестік беті, см ² /г	Бөлшектің орташа өлшемдері, мкм
1	ZnO	60	0,28	1756	12,5
2	MgO	60	0,04	7788	2,2
3	SiO ₂	60	0,36	2615	8,7
4	Bi ₂ O ₃	60	0,41	2774	8,9
5	Фосфор шлагы	300	0,08	1104	20,0

Нәтижеге сәйкес, 60 минуттық ұнтақтаудан кейін мырыш оксиді ұнтағының үлестік беті $1756 \text{ см}^2/\text{г}$, магний оксиді $7788 \text{ см}^2/\text{г}$, кремний диоксиді $2615 \text{ см}^2/\text{г}$, висмут (III) оксиді $2774 \text{ см}^2/\text{г}$ болды, фосфор шлағын механикалық белсендіру нәтижесінде 5 сағат ұнтақтаудан кейінгі үлестік беті $1104 \text{ см}^2/\text{г}$ құрады.

Шикізат қоспалардың химиялық құрамы және күйдіру температурасы көрсетілген қатынасқа сәйкес шикізат құрамдары 1% ылғалдылыққа дейін ылғалдандырылды, диаметрі $\varnothing 20$ мм және биіктігі 10 мм болатын формада таблеткалар 20 МПа қысымында қалыптау арқылы дайындалады. Осыдан кейін таблеткалар 100°C температурада 1 сағат бойы кептірілді және 1000°C температурада жоғары температуралы электр пешінде күйдірілді. Көрсетілген температураларда изотермиялық ұстау 30 минутты құрады. Шикізат қоспалардың химиялық құрамы, олардың күйдіру температурасы мен ақтығының нәтижелері 2 кестеде келтірілген.

2 - кесте. Шикізат қоспалардың химиялық құрамы және күйдіру температурасы

№	Қоспа құрамның атауы	Қоспаның химиялық құрамы, %					Күйдіру температурасы, $^\circ\text{C}$		Ақтығы, %
		ZnO	MgO	SiO ₂	Bi ₂ O ₃	Фосфор шлағы	1000	1100	
1	2	3	4	5	6	7	9	10	11
1	ЦФЦ-1	84,6	9,4	3,2	2,8	-	-	+	95,2
2	ЦФЦ-2	91,0	9,0	-	-	-	-	+	84,4
3	ЦФЦ-3	87,5	9,0	3,5	-		-	+	86,7
4	ЦФЦ-4	83,0	9,0	3,5	3,0	1,5	+	-	97,8
5	ЦФЦ-5	81,5	9,0	3,5	3,0	3,0	+	-	97,2

1-ші қоспа құрамы ZnO - 84,6 %, MgO - 9,4 %, SiO₂ - 3,2 % және Bi₂O₃ - 2,8 % алынды, қоспаны күйдіру 1100°C температурада жүрді. Күйдіру нәтижесінде синтезделген мырыш-фосфатты цемент клинkerінің ақтық дәржесі 95,2 % құрады.

2-ші қоспа құрамы ZnO - 91,0 % және MgO - 9,0 % алынды, қоспаны күйдіру 1100°C температурада жүрді. Күйдіру нәтижесінде синтезделген мырыш-фосфатты цемент клинkerінің ақтық дәржесі 84,4 % құрады.

3-ші қоспа құрамы ZnO - 87,5 %, MgO - 9,0 % және SiO₂ - 3,5 % алынды, қоспаны күйдіру 1100°C температурада жүрді. Күйдіру нәтижесінде синтезделген мырыш-фосфатты цемент клинkerінің ақтық дәржесі 86,7 % құрады.

4-ші қоспа құрамы ZnO - 83,0 %, MgO - 9,0 %, SiO₂ - 3,5 %, Bi₂O₃ - 3,0 % және фосфор шлағы - 1,5 % алынды. Қоспаны күйдіру 1000°C температурада жүрді. Күйдіру нәтижесінде синтезделген мырыш-фосфатты цемент клинkerінің ақтық дәржесі 97,8 % болды.

5-ші қоспа құрамы ZnO - 81,5 %, MgO - 9,0 %, SiO₂ - 3,5 %, Bi₂O₃ - 3,0 % және фосфор шлағы - 3,0 % алынды, қоспаны күйдіру 1000°C температурада жүрді. Күйдіру нәтижесінде синтезделген мырыш-фосфатты цемент клинkerінің ақтық дәржесі 97,2 % құрады.

1000°C күйдірілген ЦФЦ-4 мырыш-фосфатты цементтің жалпы көрінісі 1 суретте көрсетілген.



1 – сурет. 1000 °С күйдірілген мырыш-фосфатты цемент
(Fig. 1. Zinc-phosphate cement burned at 1000 °C)

Мырыш оксидінен (ZnO), магний оксидінен (MgO), кремний диоксидінен (SiO_2) және висмут оксидінен (Bi_2O_3) және фосфор шлагынан тұратын мырыш-фосфатты цемент құрамын синтездеу кезінде күйдіру процесінде бірнеше химиялық реакциялар жүрді:


- 1000°C температурда күйдіргенде мырыш оксиді (ZnO) және магний оксиді (MgO) әрекеттесіп, Zn_2MgO_3 сияқты күрделі оксидтерді түзеді;

- кремний диоксиді (SiO_2), мырыш оксидімен (ZnO) және магний оксидімен (MgO) әрекеттесіп, Zn_2SiO_4 және Mg_2SiO_4 қосылыстар түзді. Бұл қосылыстар қоспаның басқа компонентімен әрекеттесіп, цемент құрылымында қажетті фазалардың пайда болуына ықпал етеді;

- висмут оксиді (Bi_2O_3) күйдіру процесінде басқа компоненттермен әрекеттесе алады, нәтижесінде $ZnO-Bi_2O_3$ немесе $MgO-Bi_2O_3$ сияқты висмут негізіндегі қосылыстар түзеді.

Күйдіру процесінде фосфор шлагы қоспа құрамына минералдандырғыш әсерге ие болды және күйдіру температурасын 1100°C-тан 1000°C-қа дейін төмендетті. Температураның төмендеуі фосфор шлагының құрамындағы фтор (F -1,5 %) және фтор кальцийдің (CaF_2 -4,5 %) есебінен жүрді. Фосфаттар мырышпен әрекеттесіп, мырыш-фосфат қосылыстарды түзеді. Бұл реакциялар мырыш-фосфат цемент қоспасын фосфор шлагы қоспасынсыз күйдіру үшін әдеттегіден төмен температурада (1000°C) жүреді.

Синтездеу процесі кезінде химиялық реакциялар өте күрделі және жалпы молекулалық құрылымға, күйдіру температурасына және басқа жағдайларға байланысты фазалық өзгерістерге ұшырайды. Мұндай реакциялардың нәтижесінде цементтің механикалық қасиеттері мен құрылымын анықтайтын әртүрлі фазалар пайда болды. Күйдіріліп алынған мырыш-фосфат цемент клинkerінің фазалық құрылымы бойынша микроанализ нәтижелері 2-суретте көрсетілген.



2 – сурет. 1000 °С күйдірілген мырыш-фосфатты цементтің электронды-микроскопиялық анализі
(Fig.2. Electron microscopic analysis of burned zinc phosphate cement at 1000 °C)

1000 °С күйдірілген ЦФЦ-4 мырыш-фосфатты цементтің микроскопиялық талдау нәтижесінде қоспа құрамында фазалық өзгерістердің жентектелу процесі нәтижесінде ZnO – 85,66 %, CaO – 0,57 %, SiO_2 – 4,36 %, Al_2O_3 – 0,64 %, MgO – 7,37 %, Bi_2O_3 – 1,4 % мөлшерінде түзілгендігі анықталды. Микроскопиялық талдау нәтижесінде мырыш-фосфатты цемент құрамында фосфор шлагынан түсетін зиянды радиоактивті элементтер U , Th , Ra және олардың еншілес бөлшектері сияқты радионуклидтер анықталмады. Сондай-ақ, улы, ауыр металл элементтері Cu , Pb , Be кездеспеді.

Клинкерді микроскоп көмегімен талдау кезінде мырыш-фосфатты цемент клинкері құрамында цинцит (ZnO) минералының ең көп таралған фазасы байқалды, ал ганит ($ZnAl_2O_4$), периклаз (MgO) және котоит ($Mg_3Bi_2O_6$) минералдары төмен мөлшерде кездесетіндігі анықталды. Мырыш-фосфатты цемент клинкер үлгісінде аморфты фазада табылды. 2 суретте көрсетілгендей ZnO түйіршіктерінің салыстырмалы түрде тегіс беті бар, субсфералық пішінге ие. Ұсақ түйіршіктердің ішкі беті тығыз, айқын кеуектілігі жоқ (2 сурет – а). Элементтік талдау кезінде цинцит (ZnO) минерал құрылымына Mg элементінің енгізілгендігі анықталды. Мырыш-фосфатты цемент клинкер ұнтағы дөңгелек пішінді ZnO бөлшектерінен тұрады. (2 сурет – б) көрсетілгендей клинкер микроқұрылымында негізінен шпинель-ганит минералдарының түйіршіктері агрегаттары бар. Элементтік талдау шпинель құрылымында Mg де бар екенін көрсетті.

Қорытынды

1. Зертханалық жағдайда шикізат материалдар мен фосфор шлагының үлестік беті және бөлшектердің орташа өлшемдері анықталады. 60 минуттық ұнтақтау нәтижесінде мырыш оксиді $1756 \text{ см}^2/\text{г}$, магний оксиді $7788 \text{ см}^2/\text{г}$, кремний диоксиді

2615 см²/г, висмут (III) оксиді 2774 см²/г болды, фосфор шлакты 5 сағат ұнтақтау, механикалық белсендіру нәтижесінде үлестік беті 1104 см²/г болды.

2. Өзірленген 5 қоспа құрамын 1000–1100 °С температурада күйдірілді және алынған мырыш-фосфатты цемент клинкерінің ақтық дәрежесі анықталды. Синтезделген мырыш-фосфатты цемент клинкердің ақтық дәрежесі 84,4–97,8 % көрсетті.

3. 1000°С температурда мырыш оксидінен (ZnO), магний оксидінен (MgO), кремний диоксидінен (SiO₂) және висмут оксидінен (Bi₂O₃) және фосфор шлагынан тұратын мырыш-фосфатты цемент құрамын синтездеу кезінде Zn₂MgO₃, Zn₂SiO₄ және Mg₂SiO₄, ZnO-Bi₂O₃ немесе MgO-Bi₂O₃ фазалық қосылыстардың түзілуі анықталды.

4. Күйдіру процесі кезінде қоспа құрамына ендірілген фосфор шлагы минералдандырғыш әсерге ие болды және күйдіру температурасын 1100°С-тан 1000°С-қа дейін төмендетті.

5. 1000 °С күйдірілген ЦФЦ-4 мырыш-фосфатты цементтің микроскопиялық талдау нәтижесінде қоспа құрамында фазалық өзгерістердің жентектелу процесі нәтижесінде ZnO - 85,66 %, CaO – 0,57 %, SiO₂ – 4,36 %, Al₂O₃ – 0,64 %, MgO – 7,37 %, Bi₂O₃ – 1,4 % мөлшерінде түзілгендігі анықталды. Клинкер құрамында U, Th, Ra сияқты радиоактивті элементтер және Cu, Pb, Be ауыр элементтері анықталмады.

6. Микроскопиялық талдау нәтижесінде мырыш-фосфатты цемент клинкері құрамында цинцит (ZnO) минералының ең көп таралған фазасы анықталды, ганит (ZnAl₂O₄), периклаз (MgO) және котоит (Mg₃Bi₂O₆) минералдары төмен мөлшерде кездесетіндігі дәлелденді. ZnO түйіршіктерінің салыстырмалы түрде тегіс беті бар, субсфералық пішінге ие. Ұсақ түйіршіктердің ішкі беті тығыз, айқын кеуектілігі жоқ. Элементтік талдау кезінде цинцит (ZnO) минерал құрылымына Mg элементінің енгізілгендігі анықталды.

ӘДЕБИЕТТЕР

Абдурахманов А.И., Курбанов О.Р. (2016). Ортопедическая стоматология. ГЭОТАР-Медиа, Россия.

Мырзакожа Д.А., Мирзаходжаев А.А. (2013). Современные методы исследования, Редакционно-издательский центр КБТУ.

Романенко А.А., Щелокова Л.С., Бузов А.А. (2019). Технология помола цинк-фосфатного цемента и его свойств, Успехи в химии и химической технологии, — 2019. — 4: — 84–86.

Светлов А.Ю. (2017). Современные стоматологические цементы. — 4: — 92–95.

Сударев Е.А. (2021). Получение цинк-фосфатного стоматологического цемента. Методические указания к лабораторному практикуму и самостоятельной работе студентов по курсу «Современные композиционные материалы» для студентов направления подготовки бакалавров 18.03.01 Химическая технология, 14.

Arun K. Kotha, John W. Nicholson, Samantha E. Booth. (2023). Biological Evaluation of zinc phosphate cement for potential bone contact Applications, Biomedicines, — 11:2:250. — <https://doi.org/10.3390/biomedicines11020250>

Carlos Andrés Cárdenas Balaguera, Maryory Astrid Gomez Botero. (2022). Multiphase phosphate cements from steel slags, Journal of Sustainable cement-based materials, — 11:1: — 15–27. — <https://doi.org/10.1080/21650373.2020.1863275>

Global Dental Cement Market Size study & Forecast and Regional Analysis (2022–2029, 2023). Dentistry Market Research. — <https://www.asdreports.com/market-research-report-619714/global-dental-cement-market-size-study-forecast-regional-analysis>

Global Dental Liners and Bases Market Report By Material (Zinc Oxide Eugenol, Glass Ionomer, Resin-modified Glass Ionomers, Others Materials), By End User (Hospitals, Dental Clinics, Research & Academic Institutes) And By Regions - Industry Trends, Size, Share, Growth, Estimation and (Forecast, 2022-2030). Value Market Research. <https://www.valuemarketresearch.com/report/dental-liners-and-bases-market>

Jabri M., Mejdoubi E., El Gabi M., Hammouti B. (2012). Optimization of hardness and setting of dental zinc phosphate cement using a design of experiments, *Arabian journal of Chemistry*. — 5: — 347-351. — <https://doi.org/10.1016/j.arabjc.2010.09.004>

Leung G.K-H., Wong A.W-Y., Chu C-H., Yu O.Y. (2022). Update on Dental Luting materials, *Dentistry journal*, — 10:11:208. — <https://doi.org/10.3390/dj10110208>

Viani A., Sotiriadis K., Kumpova I., Mancini L., Appavou M-S. (2017). Microstructural characterization of dental zinc phosphate cements using combined small angle neutron scattering and microfocus X-ray computed tomography, *Dental materials*, — 33:4: — 402–417. — <https://doi.org/10.1016/j.dental.2017.01.008>

Zhanikulov N.N., Abdullin A.A., Davletyarova B.S., Kaiyrbayeva M.Zh. (2023). Determination of the quality of zinc-phosphate cement by physical - mechanical methods, *Proceeding X International conference «Industrial Technologies and Engineering» ICITE—2023*, — 1: — 210–214.

REFERENCES

Abdurakhmanov A.I., Kurbanov O.R. (2016). *Ortopedicheskaya stomatologiya*. GEOTAR-Media, Russia. (in Russ.).

Myrzakozha D.A., Mirzakhodzaev A.A. (2013). *Modern research methods*, Editorial and publishing center of KBTU. (in Russ.).

Romanenko A.A., Shchelokova L.S., Buzov A.A. (2019). *Tekhnologiya pomola tsink-fosfatnogo tsementa i yego svoystv, Uspekhi v khimii i khimicheskoy tekhnologii*, — 2019: — 4: — 84–86. (in Russ.).

Svetlov A.Yu. (2017). *Modern dental cements*, — 4: — 92–95. (in Russ.).

Sudarev Ye.A. (2021). *Polucheniye tsink-fosfatnogo stomatologicheskogo tsementa. Metodicheskiye ukazaniya k laboratornomu praktikumu i samostoyatel'noy rabote studentov po kursu «Sovremennyye kompozitsionnyye materialy» dlya studentov napravleniya podgotovki bakalavrov 18.03.01 Khimicheskaya tekhnologiya*, — 14. (in Russ.).

Arun K. Kotha, John W. Nicholson, Samantha E. Booth. (2023). *Biological Evaluation of zinc phosphate cement for potential bone contact Applications, Biomedicines*, — 11:2:250. — <https://doi.org/10.3390/biomedicines11020250> (in Eng.).

Carlos Andrés Cárdenas Balaguera, Maryory Astrid Gomez Botero. (2022). *Multiphase phosphate cements from steel slags, Journal of Sustainable cement-based materials*, — 11:1: — 15–27. — <https://doi.org/10.1080/21650373.2020.1863275> (in Eng.).

Global Dental Cement Market Size study & Forecast and Regional Analysis (2022-2029, 2023). Dentistry Market Research. — <https://www.asdreports.com/market-research-report-619714/global-dental-cement-market-size-study-forecast-regional-analysis> (in Eng.).

Global Dental Liners and Bases Market Report By Material (Zinc Oxide Eugenol, Glass Ionomer, Resin-modified Glass Ionomers, Others Materials), By End User (Hospitals, Dental Clinics, Research & Academic Institutes) And By Regions - Industry Trends, Size, Share, Growth, Estimation and Forecast (2022–2030., 2022). Value Market Research. <https://www.valuemarketresearch.com/report/dental-liners-and-bases-market> (in Eng.).

Jabri M., Mejdoubi E., El Gabi M., Hammouti B. (2012). Optimization of hardness and setting of dental zinc phosphate cement using a design of experiments, *Arabian journal of Chemistry*, — 5: — 347–351. — <https://doi.org/10.1016/j.arabjc.2010.09.004> (in Eng.).

Leung G.K-H., Wong A.W-Y., Chu C-H., Yu O.Y. (2022). Update on Dental Luting materials, *Dentistry journal*, — 10:11:208. — <https://doi.org/10.3390/dj10110208> (in Eng.).

Viani A., Sotiriadis K., Kumpova I., Mancini L., Appavou M-S. (2017). Microstructural characterization of dental zinc phosphate cements using combined small angle neutron scattering and microfocus X-ray computed tomography, *Dental materials*, — 33:4: — 402–417. — <https://doi.org/10.1016/j.dental.2017.01.008> (in Eng.).

Zhanikulov N.N., Abdullin A.A., Davletyarova B.S., Kaiyrbayeva M.Zh. (2023). Determination of the quality of zinc-phosphate cement by physical - mechanical methods, *Proceeding X International conference «Industrial Technologies and Engineering» — ICITE-2023*, — 1: — 210–214. (in Eng.).

CONTENTS

A. Abdullin, N. Zhanikulov, B. Taimasov, E. Potopova, A. Raisova
INVESTIGATION OF THE MICROSTRUCTURE OF SYNTHESIZED
ZINC-PHOSPHATE CEMENT CLINKER.....7

G.F. Sagitova, N.B. Ainabekov, Yu.A. Nifontov, N.M. Daurenbek
SELECTION OF RAW MATERIALS FOR THE PRODUCTION OF BITUMEN
MATERIALS BASED ON LOCAL RESOURCES.....19

Kh. Akimzhanova, A. Sabitova, Zh. Kairbekov, B. Mussabayeva, B. Bayahmetova
CHEMICAL CHARACTERISTIC OF THE BLACK AND WHITE MUD
OF THE SHOSHKALY LAKE.....31

**A.S. Auyezkhanova, D.E. Zhanuzak, A.I. Jumekeyeva, Zh.K. Korganbaeva,
A.A. Naizabayev**
CHITOSAN-STABILIZED CATALYSTS FOR CYCLOHEXANE OXIDATION
TO KA-OIL.....44

Ya.A. Vissurkhanova, L.K. Abulyaissova, N.M. Ivanova, B.F. Minaev
MOLECULAR SIMULATION OF THE INTERACTION OF POLYVINYL
ALCOHOL WITH POTENTIAL ACTIVE CENTERS OF COPPER (II)
OXIDE SURFACE.....54

E.A. Gabrilyants, R.S. Alibekov, G.E. Orymbetova
DEVELOPMENT OF CAMEL MILK CHEESE TECHNOLOGY
AND RESEARCH OF QUALITATIVE CHARACTERISTICS.....69

**G.T. Yelemessova, L.K. Orazzhanova, A.N. Klivenko, N.N. Nurgaliyev, A.Ye.
Ayazbayeva, A.V. Shakhvorostov**
SYNTHESIS AND CHARACTERIZATION OF PREFORMED PARTICLE
GELS (PPG) TO INCREASE OIL RECOVERY.....79

E.A. Zhakmanova, G.Zh. Seytenova, R.M. Dyusova
REVIEW OF THE CURRENT STATE OF APPLICATION OF MATHEMATICAL
MODELING METHODS FOR THE PURPOSE OF OPTIMIZING REFINERIES
IN KAZAKHSTAN AND ABROAD.....92

**M. Zhumabek, K. Kassymkhan, R.O. Sarsenova, Zh. Tynybek, S.A. Tungatarova,
Z.T. Zheksenbaeva**
INVESTIGATION OF CATALYSTS OF THE CATALYTIC PROCESSING
OF NATURAL GAS METHANE INTO SYNTHESIS GAS VIA
TEMPERATURE-PROGRAMMED DESORPTION.....103

M. Ibrayeva, N. Duzbayeva, Zh. Mukazhanova, K. Kabdysalym, Achyut Adhikari ISOLATION OF FLAVONOIDS BY HIGH-PERFORMANCE LIQUID CHROMATOGRAPHY FROM PLANT OF GENUS THYMUS SERPYLLUM L.	116
B. Imangaliyeva, B. Dossanova, G. Rakhmetova, A. Apendina, I. Nurlybaev FEATURES AND CHEMICAL PROPERTIES OF ANTHOCYANINS.....	124
B.Zh. Iskendirov, G.F. Sagitova, S.B. Kurbanova, G.F. Aitimbetova, A.S. Sadyrbayeva DEVELOPMENT OF TECHNOLOGY FOR PROCESSING RESIDUES FROM THE DISTILLATION OF A MIXTURE OF OILS AND GAS CONDENSATES.....	144
X.A. Leontyeva, D.S. Puzikova, G.M. Khussurova, P.V. Panchenko, A.K. Galeyeva ELECTROCHEMICAL DEPOSITION OF BISMUTH SULFIDE THIN FILMS.....	158
M.M. Mataev, M.A. Nurbekova, B. Keskin, Z.B. Sarsenbayeva SYNTHESIS AND PHYSICO-CHEMICAL PROPERTIES OF POLYCRYSTAL $\text{FeMnO}_3\text{-Ho}_3\text{Fe}_5\text{O}_{12}$	173
R. Safarov, Zh. Shomanova, E. Kopishev, Yu. Nossenko, Zh. Bexeitova, R. Kamatov SPATIAL DISTRIBUTION OF PM2.5 AND PM10 POLLUTANTS IN RESIDENTIAL AREA OF PAVLODAR, KAZAKHSTAN.....	181

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan.

The Editorial Board of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

**www.nauka-nanrk.kz
<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>
ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)**

Подписано в печать 30.12.2023.
Формат 60x88¹/₈. Бумага офсетная. Печать – ризограф.
13,0 п.л. Тираж 300. Заказ 4.